В настоящем исследовании 57% и 34% студентов проводят более трех часов в социальных сетях днем и ночью (рис. 5, рис. 6), таким образом, большинство студентов проводили в социальных сетях в общей сложности шесть часов каждый день. Хотя проводить много времени за своим мобильным телефоном не считается ненормальным поведением. Однако длительное использование социальных сетей оказывает воздействие на психическое здоровье, и молодые люди являются наиболее уязвимыми.

Исследования показали, что использование социальных сетей связано с психическими расстройствами, включая депрессию и тревогу [10]. Хотя. Социальные сети помогают людям общаться с другими людьми и развивать новые отношения. Однако такие отношения, как правило, носят более формальный и временный характер. Пользователи социальных сетей, как правило, не делятся близкими и

доверительными отношениями со своими онлайн-друзьями. Более того, эти отношения нельзя сравнивать с отношениями, которые складываются с друзьями и членами семьи в результате личного общения. 59% студентов сообщили, что чрезмерное время, проводимое в социальных сетях, негативно сказывается на их отношениях с семьей и друзьями. Полагаться исключительно на социальные сети (т.е. без физической близости) для построения и поддержания отношений может привести к одиночеству, отчуждению и депрессии. Смартфоны создают психологическую дистанцию между людьми, уменьшая личное взаимодействие между членами семьи и друзьями; и это может негативно повлиять на качество времени, затрачиваемого на эти отношения. Это может оказать значительное влияние на социальное благополучие и удовлетворенность среди друзей.

Заключение

Большинство студентов пользовались сайтами социальных сетей. Чрезмерное использование социальных сетей в неакадемических целях отвлекало их от учебной и академической деятельности и задерживало время отхода ко сну, что, в свою очередь, сокращало продолжительность их сна. Далее в исследовании сообщалось, что чрезмерное использование социальных сетей снижает социальное взаимодействие лицом к лицу. Это оказывает негативное влияние на социальное благополучие и может привести к депрессии, беспокойству и перепадам настроения. Кроме того, ночное использование социальных сетей, о котором сообщается в настоящем исследовании, может привести к хроническому ограничению сна, что играет значительную роль в этиологии заболеваний, связанных с метаболическим синдромом. Современные привычки образа жизни несовместимы с присущими нам качествами, которые мы наследуем. Поэтому мероприятия должны информировать людей о более здоровых методах гигиены сна и помогать им изменять свои неадаптивные привычки сна. Кроме того, проводя много времени в социальных сетях, вы можете увеличить продолжительность сидения и снизить уровень физической активности, что, в свою очередь, может привести к малоподвижному образу жизни.

Это может увеличить риск развития метаболического синдрома и хронических неинфекционных заболеваний, таких как диабет, гипертония и ожирение.

Список литературы:

1. Abbas et al., 2019, J. Abbas, J. Aman, M. Nurunnabi, S. Bano: “The impact of social media on learning behavior for sustainable education: evidence of students from selected universities in Pakistan”. *Sustainability*, 11 (6) (2019), p. 1683
2. Greenhow and Robelia, 2009 C. Greenhow, B. Robelia: “Informal learning and identity formation in online social networks”. *Learning, Media Technol.*, 34 (2) (2009), pp. 119-140
3. Yu et al., 2010 A.Y. Yu, et al. : “Can learning be virtually boosted? An investigation of online social networking impacts”. *Comput. Educ.*, 55 (4) (2010), pp. 1494-1503
4. Woods and Scott, 2016 H.C. Woods, H. Scott: “# Sleepyteens: social media use in adolescence is associated with poor sleep quality, anxiety, depression and low self-esteem”. *J. Adolescence*, 51 (2016), pp. 41-49
5. Hettiarachchi, 2014 H.A.H. Hettiarachchi: “Impact of social networking on academic engagement and performance: a literature”. *USCMT*, 2014 (2014), p. 216
6. Melkevik et al., 2015 O. Melkevik, E. Haug, M. Rasmussen, et al. : “Are associations between electronic media use and BMI different across levels of physical activity?”. *BMC Public Health*, 15 (2015), p. 497
7. Zou et al., 2019 Y. Zou, N. Xia, Y. Zou, Z. Chen, Y. Wen: “Smartphone addiction may be associated with adolescent hypertension: a cross-sectional study among junior school students in China”. *BMC Pediatrics*, 19 (1) (2019), p. 310
8. Owusu-Acheaw and Larson, 2015 M. Owusu-Acheaw, A.G. Larson: “Use of social media and its impact on academic performance of tertiary institution students: a study of students of Koforidua Polytechnic, Ghana”. *J. Educ. Practice*, 6 (6) (2015), pp. 94-101

9. Healy et al., 2008a G.N. Healy, D.W. Dunstan, T.W. Zderic, N. Owen: “Too little exercise and too much sitting: inactivity physiology and the need for new recommendations on sedentary behaviour”. *Curr. Cardiovasc. Risk Rep.*, 2 (2008), pp. 292-298

10. Hu et al., 2001 F.B. Hu, M.F. Leitzmann, M.J. Stampfer, G.A. Colditz, W.C. Willett, E.B. Rimm: “Physical activity and television watching in relation to risk for type 2 diabetes mellitus in men”. *Arch. Intern. Med.*, 161 (12) (2001), pp. 1542-1548

УДК 004.418

Уалиев Нуржан Сатыбалдиевич

к.ф.-м.н., преподаватель-лектор
Жетысуский университет им. И.Жансугурова
(г. Талдыкорган, Казахстан)

Мусабеков Куралбек Турганбекович

Студент ОП 6В06102-Информационные системы
Жетысуский университет им. И.Жансугурова
(г. Талдыкорган, Казахстан)

АВТОМАТИЗАЦИЯ АПТЕЧНОЙ СЕТИ СРЕДСТВАМИ ПРОГРАММНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ «1С:АПТЕКА ДЛЯ КАЗАХСТАНА»

Аннотация: В статье рассматривается продукт для автоматизации торговой деятельности аптечных пунктов, аптек и аптечных сетей в соответствии с законодательством Республики Казахстан, регулирующим розничную торговлю фармацевтической продукцией.

Ключевые слова: 1С: Предприятие, аптечная сеть, программное обеспечение

Конфигурация «Автоматизация бизнеса: Аптека» для 1С: Предприятия 8 предназначена для автоматизации аптек, предприятий, занимающихся розничной торговлей медикаментами и сетей аптек. Программа учитывает отраслевую специфику и имеет возможность работы с различным торговым оборудованием и в том числе применяется для автоматизации рабочих мест кассиров.

Программный продукт «Автоматизация бизнеса: Аптека» реализован на базе типовой конфигурации «1С: Бухгалтерия» и содержит все стандартные возможности данной программы. Аптеки - для таких предприятий в системе предусмотрены механизмы учета, документооборота и отчетности, свойственные розничной торговле

медикаментами. В программу интегрированы механизмы работы с торговым оборудованием и кассовыми аппаратами, что значительно снижает трудозатраты при работе предприятия и получении данных для системы учета.

Сети аптек (как с централизованной и децентрализованной системой товародвижения) - в системе присутствуют необходимые механизмы учета оптовых операций и автоматизации рабочих мест и учета товаров на центральном складе и офисе.

Основные функциональные возможности программы:

1. Учет лекарственных средств и складской учет:

- учет фармацевтических групп, форм выпуска, ЕГК, информация о производителе;
- возможность учета в различных единицах измерения;
- учет сертификатов и сроков годности серий медикаментов, фальсификатов;
- серийный учет товаров на складах;
- возможность проведения инвентаризаций медикаментов в разрезе серий, с использованием сканеров штрих-кода и терминалов сбора данных;
- возможность ведения суммового учета в аптечных пунктах;
- учет и отбор аналогов медикаментов;

контроль товародвижения от поставщика до момента продажи препарата

[1].

2. Закуп и взаимоотношения с поставщиками:

- ведение взаиморасчетов с поставщиками, с учетом сроков отсрочки платежей;
- возможность загрузки и анализа прайс-листов поставщиков;
- загрузка электронных накладных поставщиков (СИА, Протек, Аптека-Холдинг, Интеркэр, Картель Промснаб, Катрен, ОАС, УФК и другие);

- формирование заказов поставщикам на основании скорости продаж, текущих складских остатков и заявок неавтоматизированных аптечных пунктов;
- поступление / возврат товара в разрезе серий, с возможностью маркировки каждой серии [2].

3. Система ценообразования:

- гибкие механизмы ценообразования;
- контроль превышения максимальной разрешенной наценки;
- назначения правил расценки для номенклатуры в разрезе подразделений компании, в том числе в соответствии с законодательством (наценку по умолчанию, тип наценки (% или сумма), верхнюю и нижнюю границы наценки, коридор не изменения цены, порядок округления);
- Назначение розничной цен в разрезе серий медикаментов;
- система округления цен по заданным правилам (в зависимости от ценовой группы и категории товара);
- Возможность установки наценок на цену поставщика и производителя, с учетом или без учета НДС;
- Указание базовой наценки в процентах, как для конкретного медикамента, так и для группы медикаментов.

4. Банк и касса:

- стандартизованный учет кассовых и банковских операций;
- кассовая книга и банковские ведомости;
- Клиент-банк;

5. Розничные продажи:

- осуществление розничных продаж через автоматизированное рабочее место кассира;
- удобный эргономичный интерфейс работы кассира;

- возможность оплаты покупки наличными средствами, пластиковыми картами;
 - оформление возвратов;
 - ограничение доступа, регистрация и возможность контроля всех ответственных операций кассира;
 - операции внесения и инкассации, снятие X и Z-отчетов;
 - просмотр остатков и подбор аналогов медикаментов в режиме продажи;
- возможность просмотра остатков медикаментов на других торговых точках предприятия;

6. Дисконтная система:

- Сбор, хранение и анализ информации о постоянных покупателях;
- Работа с дисконтными картами;

Накопительная система скидок;

7. Возможности для сетевых предприятий:

- Возможность как количественного, так и суммового учета товаров в каждой торговой точке;
- Возможность анализа и формирования заявок на закуп каждой торговой точкой;
- Поддерживается возможность работы как предприятий с централизованной системой товародвижения и ценообразования, так и децентрализованной;

8. Аналитическая отчетность:

- большой спектр аналитической отчетности позволит оперативно оценить ситуацию и принять правильные решения;
- отчеты по остаткам товаров (в разрезе серий, сроков годности и проч.), анализ объемов продаж в розницу и оптом, предоставлению скидок, движению наличных и безналичных денежных средств, взаиморасчетам с поставщиками и прочие;

Конфигурация «Автоматизация бизнеса: Аптека» поддерживает работу со следующими видами торгового оборудования:

- сканеры штрих-кодов;
- принтеры штрих-кодов;
- фискальные регистраторы;
- терминалы сбора данных;
- весы с печатью этикеток;
- дисплей покупателя;
- POS клавиатура;
- возможно подключение иного оборудования (по которому имеется

документация и поддержка производителя) [3].

Состав продукта

Продукт "1С:Предприятие 8. Аптека для Казахстана" выпускается в комплектации с программной или аппаратной защитой и содержит:

Дистрибутивы:

- платформы "1С:Предприятие 8";
- типовой конфигурации "Розница для Казахстана";
- отраслевой конфигурации "Аптека для Казахстана";
- DVD выпуск 1С:ИТС (Казахстан) текущего выпуска;
- Комплект документации по платформе "1С:Предприятие 8.3";
- Комплект документации по типовой и отраслевой конфигурациям;
- Купон на льготное Информационно-технологическое сопровождение

"1С:Предприятие";

В комплектации с программной защитой:

- Конверт с пинкодами программной лицензии "1С:Предприятие 8.3" на 1 рабочее место;

- Конверт с пинкодами программной лицензии конфигурации "Аптека для Казахстана" на 1 рабочее место;

В комплектации с аппаратной защитой:

- Ключ аппаратной защиты платформы "1С:Предприятие 8.3" на 1 рабочее место;

- Ключ аппаратной защиты конфигурации "Аптека для Казахстана" на 1 рабочее место;

- Лицензии на использование системы "1С:Предприятие 8", конфигурации "Розница для Казахстана" или конфигурации "Аптека для Казахстана" на одном рабочем месте.

Продукт "1С:Предприятие 8. Аптека для Казахстана. Электронная поставка" содержит:

Дистрибутивы:

- платформы "1С:Предприятие 8.3";
- типовой конфигурации "Розница для Казахстана";
- отраслевой конфигурации "Аптека для Казахстана";
- Комплект документации по типовой и отраслевой конфигурации в электронном виде;

- Электронный купон на льготное Информационно-технологическое сопровождение "1С:Предприятие";

- ПИН-код программной лицензии платформы "1С:Предприятие 8.3" на 1 рабочее место;

- Регистрационная карточка и лицензия на использование системы "1С:Предприятие 8", конфигурации "Розница для Казахстана" или "Аптека для Казахстана" на одном рабочем месте.

- ПИН-код для регистрации продукта на портале 1С:ИТС [4].

Расширение количества автоматизированных рабочих мест осуществляется приобретением клиентских лицензий на платформу "1С:Предприятия 8" (на 1, 5, 10,

20, 50, 100 и более рабочих мест) и клиентских лицензий на конфигурацию "Аптека для Казахстана" (на 1 и 5 рабочих мест). Количество приобретаемых лицензий на использование конфигурации "Аптека для Казахстана" и платформы "1С:Предприятие 8" определяется исходя из потребности в максимальном количестве одновременно работающих пользователей. Для работы в варианте клиент-сервер необходимо приобрести лицензию на использование сервера "1С:Предприятие 8". Более подробно о клиент-серверном варианте работы "1С:Предприятие 8" можно ознакомиться на сайте фирмы "1С".

Список литературы:

1. 1С:Управление нашей фирмой 8 для Казахстана <https://its.1c.kz/db/obnov#content:1363:hdoc> (Дата обращения: 24.03.2022).
2. Справочная система 1С:Предприятия <https://its.1c.kz/> (Дата обращения: 26.03.2022).
3. Отраслевые и специализированные решения «1С:Предприятие 8» - 1С:Аптека для Казахстана. URL: <https://solutions.1c.ru/catalog/drugstore-kz/materials> (Дата обращения: 27.03.2022).
4. 1С:Управление торговлей 8. URL: <https://v8.1c.ru/trade/> (Дата обращения: 28.03.2022).

УДК 002.6:37.016

Шалтабаев Алтай Аханович

Ph.D, аға оқытушысы,
I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
(Талдықорған қ., Қазақстан)

Жиёмбаев Жомарт Тумарбекович

п.ғ.к., аға оқытушысы,
I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
(Талдықорған қ., Қазақстан)

Ермекова Набира Сагидуллаевна

Дәріскер-оқытушы
I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
(Талдықорған қ., Қазақстан)

PYTHON ТІЛІНДЕ ТАРМАҚТАЛУ АЛГОРИТМДЕРІНЕ БАҒДАРЛАМАЛАР ӨНДЕУ

Андатпа: Бағдарлама жасау үшін арналған процесс ретінде бағдарламалау тілін таңдау және тиісті операторлармен алгоритм блок-схемасының элементтерін ауыстыру формальды болып табылады. Дұрыс әзірленген бағдарлама - қойылған міндетті шешуге әкелетін іс-әрекеттердің соңғы кезектілігінің ресми жазбасы. Бүгінгі күні көптеген бағдарламалау тілдері бар. Осындай сұранысқа ие, танымал және пайдалануға ыңғайлы тілдердің бірі-Python. Python бағдарламалау тілі басқа тілдердің алдында бірқатар артықшылықтарға ие және қазіргі заманның барлық салаларында қолданылады. Ол іс жүзінде интуитивті және "мөлдір" синтаксисі бар. Бұл мақалада Python тілінің шартты операторларымен жұмыс істеу негіздері қарастырылады.

Мұнда біз тармақтау операторларының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, бірнеше мысалдар келтіреміз.

Кілттік сөздер: алгоритмдер, сызбанұсқа, тармақтау, жинақтар, параметр, айнымалы, функциялар, индекстер.

Бүгінгі таңда адам өмірінде компьютерді қолдану күннен-күнге кеңейуде. Компьютердің әмбебаптығы ойын бағдарламаларынан бастап мәліметтер қоймасын басқару жүйесіне дейін, яғни бағдарламалық жабдықтамалардың әр алуандығымен айқындалады. Кез келген міндетті орындау алгоритмінің болуын қажет етеді. Алгоритм негізінде бағдарлама құрылады, яғни есеп шешуінің алгоритмі оны компьютерде орындауға жарамды түрде жазылады.

Бағдарламаның орындалу барысы сызықтық болуы мүмкін, яғни өрнектер біріншісінен бастап соңғысына дейін бір-бірінен кейін бірі орындалатындай болуы мүмкін. Бағдарлама кодының бірде-бір жолы орындалмай қоймайды. Алайда, бағдарламаларда олай болмауы мүмкін. Кодты орындау кезінде, қандай да бір шарттарға байланысты, оның кейбір жерлері орындалауы мүмкін, яғни сол сәтте бағдарламаның басқа жолы орындалады [1].

Басқаша айтқанда, бағдарламада шартты алгоритмдер – бағдарламалау тілінің ерекше құрылымын іске асыратын тармақ болуы мүмкін.

Шынайы қарайтын болсақ, адам кесте бойынша өмір сүреді. Кесте - бұл адам үшін алгоритм, оның орындалуы тиіс бағдарламалық коды. Сағат 16.00-де бассейнге бару керек. Алайда, белгілі бір себептермен бассейіннің суын ағызып жіберді дейік. Жүзу бойынша сабақты тоқтатып, басқа амалдарды орындаймыз, яғни бағдарлама кестені орындау барысын өзгертеміз.

Мұндай сызықтық емес әрекеттер компьютерлік бағдарламада іске асырылуы мүмкін. Мысалы, кодтың бір бөлігі тек белгілі бір айнымалы мәнде орындалады. Бағдарламалау тілдерінде төменде көрсетілгендей шартты оператордың құрылымы қолданылады:

```
If логикалық өрнек {  
    1 - өрнег;  
    2 - өрнег;  
    ...  
}
```

Адам тіліне былай аударсақ: егер логикалық өрнек шындықты айқындаса, онда фигуралық жақшалардың ішінде өрнектер орындалады; егер логикалық өрнек жалған болса, онда фигуралық жақшалардың ішіндегі код орындалмайды. Мысалға біз осы x санын табайық. Егер x – айнымалысына 7- деген оң сан берсек, онда жауабы 12 тең болады. Керісінше -7 санын берсек, x айнымалысының жауабы - 10 тең болады. Питондағы бағдарламаның тиісті фрагменті бар:

```
x = int(input())  
if x > 0:  
    print(x+5)  
else:  
    print(x-3)
```

Бұл бағдарламада `if` шартты командасы (егер) қолданылады. `If` сөзінен кейін қос нүктемен аяқталатын тексеру шарты ($x > 0$) көрсетіледі. Содан кейін `else` (әйтпесе) сөзі, сондай-ақ қос нүктемен аяқталатын жолы іске асырылады [2].

Алгоритмдік тілде қойылған шартқа байланысты екі немесе екіден де көп тармақтары бар алгоритм - тармақталған алгоритм деп аталады. Шартты көшу операторының жалпы жазылуы:

```
If (шарт) : <1-оператор> Else : <2-оператор>;
```

Мұндағы: `If` (егер) қызметші сөзінен кейінгі жазылған шарт ақиқат болса : (онда) сөзінен кейінгі жазылған 1- оператор орындалады,

шарт сақталмаса Else : (әйтпесе) сөзінен кейінгі 2-оператор орындалады. Шартты көшу операторы

алгоритмдік тілдегі тармақталу командасына сәйкес келеді.

Егер (шарт) :

Онда < 1 -оператор>

Әйтпесе <2-оператор>

Бітті

Барлық бұрын қарастырылып отырған бағдарламалардың сызықтық құрылымы бар: барлық нұсқаулықтар тізбектеле орындалды, әрбір жазылған нұсқаулық міндетті түрде орындалады [3].


Мәселен, Питондағы шартты нұсқаулық келесі синтаксиске ие:

Егер шарты:

1 нұсқаулық блогы

әйтпесе:

2 нұсқаулық блогы



1-сурет. Шартты операторының толық және қысқа түріндегі сызбанұсқалары

Жоғарыда біз тармақталу командаларының жазылу реті мен қолдану мүмкіндіктерін қарастырдық. Енді бірнеше мысалдардың алгоритмдік, сызбанұсқалық және Питон бағдарламасында шығарылуын көрсетейік.

1-мысал. Бір – біріне тең емес x және y нақты сандары берілген. Екеуінің кішісін олардың қосындыларының жартысымен ауыстыру керек, ал үлкенін екі еселенген көбейтіндісімен ауыстыру керек.

Алгоритмдік тілде орындалуы және сызбанұсқасы 2-суретте көрсетілген.

Алг Есеп1

арг x, y

нәт s

Басы

Енгізу a, b, c

Егер $x < y$

Онда егер $x < y$

Онда $a := (x+y)/2; x := a$


Әйтпесе $a := y*y; y := a$

Әтпесе Шығару “ x, y тең болмау керек”

Бітті

Шығару x, y

Соңы



2- сурет. Бірінші есептің сызбанұсқасы

Python тілінде шығарылуы

```
x=int(input())
```

```
y=int(input())
```

```
if x!=y:
```

```
    if x<y:
```

```
        a=(x+y)/2
```

```
        x=a
```

```
    else:
```

```
        a=y**2
```

```
        y=a
```

```
else:
```

```
    print("x,y-тен болмау керек")
```

```
print("x=",x,"y=",y)
```

2-мысал. Бүтін a , b , c сандары берілген. Тақ сандардың қосындысын табыңдар.

Егер барлық сандар жұп болса, онда барлығы жұп деп мәлімет шықсын.

Берілген есептің сызбанұсқасы 3-суретте көрсетілген.

Алғ есеп 2

арг a, b, c

нәт s

Басы

Енгізу a, b, c

$s:=0$

Егер $a \bmod 2=1$ **және** $b \bmod 2 \neq 0$ **және** $c \bmod 2=1$

Онда Шығару a, b, c

Әйтпесе

If $a \bmod 2=1$ “бүтінді бүтінге бөлгендегі қалдығын аламыз”

Онда $s:=s+a$

If $b \bmod 2 \neq 0$

Онда $s:=s+b$


If $c \bmod 2=1$

Онда $s:=s+c$

Бітті

Шығару "Жауабы=", s

Соңы



3- сурет. Екінші есептің сызбанұсқасы

Python тілінде шығарылуы.

```

a = int(input("a="))
b = int(input("b="))
c = int(input("c="))
s=0; if (a%2!=0 and b%2==1 and c%2==1):
    print(a, b,c)
else:
    if a%2==1:
        s+=a
    if b%2!=0:
        s+=b
    if c%2==1:

```

```
s+=c  
print("Жауабы=",s)
```

3- мысал. Әрбір сыйлық қорабына 1 қалам, 2 сызғыш және 4 дәптер кіреді. Егер a сызғыш, b дәптер, c қалам берілген. Қанша сыйлық қорабын даярлауға болады? Есептің программасын құрыңыз.

Алгоритмдік тілде орындалуы.

Алғ Мысал2

арг a, b, c

нәт a

Бүтін a, b, c

Басы

Енгізу a, b, c

$a:=a \text{ div } 2$; “бүтінді бүтінге бөлгендегі бүтінін аламыз”

$b:=b \text{ div } 4$;

Егер $a>b$

онда $a:=b$


әйтпесе $a:=c$

бітті

Шығару a

соңы

Берілген есептің сызбанұсқасы төменде 4-ші суретте көрсетілген.



4- сурет. Төртінші мысалдың сызбанұсқасы

Python тілінде шығарылуы.

```
print("sisgi, dapter,kalam sanin engiziniz")
```

```
a = int(input())
```

```
b = int(input())
```

```
c = int(input())
```

```
a = a//2
```

```
b = b//4
```

```
if a > b:
```

```
    a = b;
```

```
if a > c:
```

```
    a = c;
```

```
print("siy korabi sani", a)
```

```
input('Enter basiniz')
```

4-мысал. Оң, нақты x, y, z сандары берілген. Қабырғалары x, y, z болатын үшбұрыштың бар екендігін анықтаңыз, бар болса бұрышының типін көрсетіңіз.

Алгоритмдік тілде орындалуы.

Алг Есептің алгоритмі

бүтін a, b, c

Басы

Енгізу a, b, c

Егер $a + b \leq c$

Онда Шығару ('Сіз берген сандар үшбұрыш емес')

Әйтпесе Егер $c = \sqrt{a^2 + b^2}$

Онда Шығару ('тік үшбұрыш')

Әйтпесе Егер $\sqrt{((a^2) + (b^2) - (c^2)) / (2 * a * b)} > 0$

Онда Шығару ('сүйір үшбұрыш')

Әйтпесе Шығару ('доғал үшбұрыш')

соңы

Python тілінде шығарылуы.

```
import math
a=int(input("a -> "))
b=int(input("b -> "))
c=int(input("c -> "))
a,b,c=sorted([a, b, c])
if a+b<=c:
    print('Siz bergen sandar ushburish emes')
elif c==math.sqrt((a**2)+(b**2)):
```

```
print('Tik burish')
elif ((a**2)+(b**2)-(c**2))/(2*a*b)>0:
    print('Suir')
else:
    print('Dogal')
input('Enter basiniz')
```

Қорыта айтқанда, жоғарыда берілген есептердің көмегімен Python бағдарламасында тармақталу алгоритмдерінің мүмкіндіктерін қолдана отырып бірнеше мысалдар қарастырдық. Қолданушының алдында: алгоритмдік, сызбанұсқалық және Python бағдарламасын есептің шығарылу жолдары көрсетілген. Яғни, қолданушыға Python тілінде тармақталу командаларымен жұмыс істеуге толық мүмкіндігі бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 А. Н. Чаплыгин. Учимся программировать вместе с Питоном. Учебник. – ревизия 226., 2006, 135 с.
- 2 Д. Ю. Федоров . Программирование на языке высокого уровня Python. Санкт-Петербург 2019, – 85 – 90 с.
- 3 Марк Лутц. Изучаем Python. 4-е издание. – Пер. с англ. – СПб.: Символ-Плюс 2011, – 48 с.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ (PEDAGOGICAL SCIENCES)

ӘӨЖ 373.13

Кожашева Гульнар Оңалбаевна

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(Талдықорған қ., Қазақстан)

Мәден Шалқар

«Математика» білім беру бағдарламасының магистранты,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(Талдықорған қ., Қазақстан)

БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚТЫҢ РОЛІ

Түйіндеме: Мақалада қазіргі кезде білім алушылардың ғылыми жаратылыстану білімі ерекше екендігі және өзекті маңызға ие болатыны, оқушылардың бойында табиғат құбылыстары мен заңдылықтары туралы ұғым қалыптастыра ғана қоймай, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашады, оқушылардың табиғат әлемін тануы ғана емес сонымен бірге өзгермелі әлемде өз орнынтабуларына жағдай жасауға бағытталған және олардың дүниетанымын, мәдениеттануын және тәжірибеге бағдарланған сипаттамаларын қалыптастыратыны көрсетілген. Болашақ математика мұғалімдерін даярлаудың кәсіби бағыттылығын қалыптастырудағы педагогикалық сабақтастықтың ролі айқындалған.

Түйін сөздер: болашақ математика мұғалімі, кәсіби бағыттылықты қалыптастыру, сабақтастық,.

Қазіргі таңдағы болашақ ұстаздарды даярлау кезінде ең бірінші студенттерді кәсіби даярлауға көңіл бөлу керек.

Кәсіби даярлауды жүзеге асыратын технологиялар білім беру жүйесінің өлшемдеріне сәйкес болады және жүйелі түрде білім беру жүйесін басқаруға көмектеседі (әдістемелік тұрғыдан есептер шығарады, соған сәйкес студенттер барлық талаптарды орындайды). Солардың ішінде негізгі үш бағытқа көңіл бөлу керек, ол жалпы кәсібилігіне кәсіби және арнайы әдістемелік құзіреттілігіне бағытталуы қажет. Сонымен қатар ұстаздың өз кәсібіне шынайы беріліп жұмыс істеуіне жағдай жасау.

Келесі кезекте болашақ ұстаздың әдістемелік кәсіби құзіреттілігін үш топқа бөлеміз. Бірінші топ – кәсіби әдістемелік білімі:

- кәсіби математикалық білімдеріне мектеп қабырғасында үйрететін теориялық және ғылыми терминдермен таныс болуын жатқызамыз;

- когнитивті біліміне психологиялық педагогикалық және оқыту жүйесінің әдістемелік жағынан меңгеруі, оқушыларды тәрбиелей алуы, білім беру жүйесіндегі тәрбиелеудегі заңдылықтарды білуі.

Екінші топ – ұстаздың кәсіби әдістемелік мүмкіндігі:

- аналитикалық мүмкіндігі, яғни бұл жерге болашақ ұстаздың талдау жүргізе алуы, жұмыс істеу аймағын топтастыруға үйренуі, өзінің бойындағы педагогикалық білімін тасымалдауға және әдістемелік жағдайлардан шешім таба алуын жатқызамыз;

- проектік, бұл кезеңге диагностикалық талдау жүргізуі, білім беру жүйесінің мақсаттарымен танысады, әдістемелік құрал-жабдықтармен жұмыс жасап үйренеді;

- зерттеушілік, яғни бұл жерге ғылыми тұрғыдан талдау жасай алуы, оның нәтижелерімен таныс болуы, оған ұсыныс пен пікір қалдыра алуы, жекелей шығармашылық жұмыс істеу аймағын тудыра алуы кіреді;

- жинақтаушылық мүмкіндіктеріне тәрбиелеу процесін басқаруы, әдістерді үйренуі, білім беру жүйесінің формалары мен мүмкіндіктеріне назар аударуы, түзету жұмыстарын жүргізуін қарастырамыз;

- диагностикалық мүмкіндіктеріне білім беру жүйесінде қарастырылатын сұрақтарға, оқушылардың тәрбиесіне көңіл бөлуге үйренеді.

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды дайындауда айтарлықтай өзгерістер көрінуде[1]. Әрбір дисциплина бойынша кредиттік сандар өзгеріске енгізіледі. Бұл өзгерістер педагогтардың дайындағына әсер етеді. Оқытушылардың жұмысын жеңілдете отырып студенттердің өз бетінше көп еңбектенуіне алып келеді.

Кәсіби стандартқа сәйкес білім беру жүйесінде бес негізгі функция қарастырылады: Оқытушылық; Тәрбиелеушілік; Әдістемелік; Зерттеушілік; Әлеуметті – коммуникациялық .

Жоғарыда айтылған стандартқа сәйкес болашақ педагогтарды дайындау қарастырылады. Ал болашақ математика пәні мұғаліміне келетін болсақ, оның біліміне көңіл бөлу керек әрі өмір бойы ізденіс пен құлышынысқа толы болуы керек. Жоғары білім беру мекемесі болашақ ұстазға өмірінің қажеттілігіне сәйкес білімді беруі қажет, сол кезде ғана болашақ ұстаз алдына қойылған кәсіби жұмысымен алдыға нық қадам баса алады. Оқы барысында қарастырылатын материалдары оның өзіндік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Әрбір ұстаздың кәсібилігі өзінің математикалық білімі мен мектепте қарастырылатын пәндік білімімен толықтырлуы қажет. Сондықтан да болашақ математика пәні мұғалімінің кәсіптік деңгейдегі білімінің болуын талап етеді. «Математика» бакалаврының бағдарламасы 6 негізгі оқыту дисциплинасынан тұрады және ол мектептегі математиканың тереңдетілген түрі болып саналады. Олардың ішіне математикалық анализ, элементар математика, алгебра, сандар теориясы, аналитикалық геометрия, ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика, математиканы оқыту әдістемесі.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде (Қазақстан, Талдықорған қаласы) «Математика» оқыту бағдарламасын дайындауда осы талаптар ескерілген. «Элементар математика» білім беру жүйесінің жалпы стандартына сәйкес пайда болды, ол математиканы оқыту әдістемесімен тығыз байланыста болғандықтан бір семестрде оқытылады және ол студенттердің математикаға деген қызығушылығын арттырады. Бұл пән жоғары математикамен тығыз байланыста және кітаптарда оқытылатын ақпараттардан тыс көмектесуге жағдай жасайды.

Бұл пәнді оқытудың негізгі принципі мектептегі математика мен жоғары білім беру мекемесіндегі математиканы байланыстыру ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың теориялық білімі мен практикалық жұмысы арасында байланысты орнатуға мүмкіндік береді. Бұл студенттерге жоғары білім беру мекемелерінде математиканы оқыту қандай пәндермен байланыста болатынын көріге және оның бөлімдеріне шолып өткізеді.

Білім беру жүйесіндегі кәсіби математикалық дисциплинасы қайталау және оқыту саласы бойынша еңбек етеді. Себебі, математикалық білімді қайталап шығу, қазіргі таңда аса маңызды орынға ие болады[2]. Ол математиканың сұлбасы туралы және оның даму тарихыны көңіл бөлуді мақсат етеді. Сондықтан да жоғары білім беру мекемелерінде оқытылатын лекциялар мен практикаларда теориялық мәліметтер, есептер, математикалық мағлұматтар оқытылады. Барлық оқытылатын білімдер тек қана оқытумен шектелмей студенттердің практикада қолдана алуын қажет етеді. Бірінші лекцияға сұрақ жүзінде талдауға түссе, екінші кезеңінде практикалық сабақта алған білімін меңгертеді.

XXI ғасырдағы білім беру жүйесіндегі ерекшеліктерінің бірі- мемлекеттің дамуының жаңа кезеңінде өскелең ұрпақтың бойында жаңа құзыреттіліктердің, өмірде қажетті дағдылардың қалыптасуын қамтамасыз ету. Сондықтан да, қазіргі кезде білім алушылардың ғылыми жаратылыстану білімі ерекше екендігі және өзекті маңызға ие болатыны айғақ. Бұл сала оқушылардың бойында табиғат құбылыстары мен заңдылықтары туралы ұғым қалыптастыра ғана қоймай, табиғатты танудың

ғылыми әдістерін ашады, оқушылардың табиғат әлемін тануы ғана емес сонымен бірге өзгермелі әлемде өз орнынтабуларына жағдай жасауға бағытталған және олардың дүниетанымын, мәдениеттануын және тәжірибеге бағдарланған сипаттамаларын қалыптастырады десек болады. Интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, функционалдық сауаттылықтарын дамыту негізінде сынтұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады, тұлғалық сапасын және құндылықтар жүйесін тәрбиелейді. Осылайша оқушыларды оқыту барысында оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту алдыға қойылған басты мақсат десем де болады.

Болашақ математика мұғалімдерін дайындауда элементар математика аса маңызды орынға ие болады. Элементар алгебра мен геометрия туралы ақпараттар мектептегі білімін қайталатады және қызығушылықты оятады. Өзіндік жұмыс – ол студенттік барлық оқу дылында тыңбай еңбек етуі арқылы үлкен мақсаттарды бағындыруын айтамыз. Ол оны тек қана сөзбен ғана емес, практика жүзінде де қолданыста қолдануы керек. Өзіндік жұмысты жүргізу кезінде студентте алдына қойған екі жол болады, бірінші оқытылған лекциялар бойынша өз білімін кеңейту болса, екінші жағынан барлық оқытылып жатқан терминдерді қолдануы. Сондықтан да элементар математиканы оқыған кезде қатаң дисциплина маңызды орынға ие болады. Элементар алгебра мен геометрияны оқу кезінде студенттер бірдей бағыт-бағдар бойынша білім алады. Математиканы оқыту әдістемесін (МОӘ) меңгеру кезінде студенттер оқушылармен қалай жұмыс жасап, болашақ ұстаз ретіндегі алдыдағы өмірін көре алады.

Мектеп қабырғаларында осы аталып кеткен пәндер бойынша жұмыс кең ауқымды қаралмағандықтан, жоғары оқу орындарында кең ауқымды қарастыруы қажет. Барлық оқытылатын дисциплиналардың негізгі алдына қойған міндеттері – мектеп қабырғаларында үйрететін математика мен жоғары білім мекемелерінің арасындағы байланысты орнату. Барлық ақпараттарды қайталап, жаңа тыс мәліметтерді болашақ ұстаздарға меңгерту. Мысалға келетін болсақ, алгебра сабағын оқу барысында студенттер сандар теориясымен, сақина, сандардың бөлінгіштік

қасиеттері, көпмүшелер туралы ақпараттарды үйренеді. Олар бастапқы сабақтардың өзінде ақ, алгебра туралы ақпаратқа ие болады.

Сондықтан да, негізге алгебралық топтар мен сандар теориясы туралы ақпараттармен студенттер кең ауқымда таныс болуы керек. Сонымен қоса, осы аталған пәндерді оқу кезінде студент әрбір терминнің шығу тарихымен таныс болып, олардың қалайша пайда болғанын білуі жөн. Сол себепті болашақ математика пәнінің мұғалімін дайындағанда математика тарихы деген пән енгізілген. Бұл пәнді оқу кезінде студенттер математиканың дамуына атақты ғалымдардың үлес қосқан еңбектерімен таныс болады. Осындай ізденіс тудыра отырып, студенттер өз интеллектуалды жағынан дамиды. Бұл математиканы оқу кезінде кездесетін бір қиыншылықтардың бірі.

Болашақ ұстаздарды дайындау кезінде кәсіби бағытына сәйкес «алгебралық сандар», «геометрияның шығу тарихы», «абстракті алгебра» және т.б. пәндер көп жоғары білім беру мекемелерінде қарастырылмайды. Болашақ ұстаздар үшін тек қана дифференциалды теңдеулерді оқып қана шектелмей, математикалық анализ арасындағы байланысты білуі қажет. Сондықтан да, дифференциалды теңдеулер пәнін оқыту кезінде математикалық анализбен байланысына, оның салаларына көп көңіл бөлу қажет. Ұстаздар мектеп қабырғаларына аттанар кезінде олар векторлық кеңістік, сақина, сандар теориясы және т.б. терминдермен таныс болып олардың барлығын практикада қолдана алуы қажет[3].

«Математика» мамандығы бойынша бакалаврды оқыту кезінде 2018 жылдан бастап, жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту қолға алынған. Бұл бағдарлама бойынша оқыту кезінде төмендегі әдістемелік дисциплиналар кіреді:

- ✓ Критериалды бағалау технологиясы;
- ✓ Математика сабағы бойынша оқытуда инклюзивті оқытуды қолдану;
- ✓ Деңгейлік бағдарламаға сәйкес математика сабағын жоспарлау;
- ✓ Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту;
- ✓ Шағын қамтылған мектептерде математика сабағын жоспарлау;

- ✓ Математика сабағын жоспарлау;
- ✓ Заман талабына сай инновациялық әдістерді қолдану.

Оқыту кезінде болашақ мамандар үшін төмендегідей мүмкіндіктер пайда болады:

- ✓ Оқушыларды жаңартылған бағдарлама бойынша оқытуға тәрбиелеуге мүмкіндіктері пайда болады;
- ✓ Ақпараттандырылған жаңа технологиялар заманында білгенін математика сабағында қолдануды үйренеді;
- ✓ Критериалды ойлау және дамыту технологияларын оқыту барысына кеңінен қолдану.

Болашақ математика пәнінің ұстазы объективті көзқараспен ойлау, шыншылдық, дұрыс шешім қабылдай алатын, кез келген қиыншылыққа тап болғанда нақты әрі дұрыс шешімді дер кезінде қабылдай алатын, сөз сөйлеу мәнері мәдениетті болуы, үлкенге құрмет кішіге ізет көрстетіндей кішіпейіл болуы, әрбір атқан жұмысында тиянақтылық болуы, ойланып шешім қабылдай алатын қасиеттерге ие болуы керек сол кезде ғана ұстаз ретінде өз оқушыларының бойына дарыта алады және жақсы нәтиже күтуіне болады. Сондықтан да, ұстаз ретінде болашақ ұстаздардың алдында көп жауапкершілік жатыр, олар математика пәні бойынша оқытып қана қоймай, келешек ұрпақты тәрбиелеуге көп үлесін қосады. Жаңа заман талабына сай оқыту дисциплиналарын қарастыра келе, маман ретінде қажет білімін алады деген сенімдеміз.

Әдебиет:

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - Астана, 2019.
- 2 Иманғалиева Ш.Д. Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында инновациялық технологияларды пайдалану// Қызылорда, 2013 ж.

- 3 Г.О.Кожашева, Жиембаев Ж., Гаврилова Е. О профессиональной направленности подготовки будущих учителей в современных условиях / Наука и жизнь Казахстана, № 10 , 2019

ӘӨЖ 514.01

Кожашева Гульнар Оңалбаевна

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(Талдықорған қ., Қазақстан)

Шоңай Гульсара

«Математика» білім беру бағдарламасының студенті,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(Талдықорған қ., Қазақстан)

ҚОЛЖЕТІМСІЗ НҮКТЕЛЕРІ БАР ЖАЗЫҚТЫҚТАҒЫ САЛУ ЕСЕПТЕРІНІҢ ШЕШІМДЕРІН ТАБУ ӘДІСТЕРІ

Түйіндеме: Алғашқы салу есептері ежелгі уақытта пайда болды. Олар адамның экономикалық қажеттіліктерінен туындады. Ежелгі сәулетшілер мен жер өлшеушілер өздерінің мамандықтарына байланысты қарапайым салу есептерін шешуге мәжбүр болды. Дәл осы есептер Мысыр, Вавилон, Үндістан және т. б. ежелгі халықтар арасында кең дамыған визуалды геометрияның пайда болуының негізі болды. Мұндай есептерің ішінде ерекше орын алып тұрған, қолжетімсіз элементтері бар салу есептері:көлдiң немесе өзеннiң енiн өлшеу, теңiздегi кемеге дейiнгi қашықтықты табу, ағаштың биiктiгiн өлшеу және т.с.с. Мақалады қолжетiмсiз нүктелер бар салу есептерiнiң геометрияның дамуындағы ролi, шешу әдiстерi көрсетiлген.

Түйін сөздер: конструктивтік геометрия, геометриялық салу есептері, қолжетімсіз нүктелер.

2022 жылдың ақпан айында өткен математика пәні мұғалімдерінің съезінде: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев отандық білім мен ғылымды ілгерілету аясында техникалық бағыттарды дамыту үшін ел Үкіметі мен салалық


министрлікке арнайы тапсырма бергенін білесіздер. Яғни техникалық мамандар үшін, ең алдымен, математика пәнін мектепте оқытылуы және пән мұғалімдерінің дайындалуын бөлек қарауымыз керек. ... Осы кезде мектепте беріліп жатқан математика пәнінің мазмұны мен бағдарламасына да айтылатын сын-пікірлер аз емес. Жалпы алғанда бұл пән әрбір оқушыға қызықты және сабақтастықта болғаны дұрыс. Ең бастысы, мазмұны түсінікті болғанын қалаймыз. Егер математика пәні ұғынықты болса, демек қызықты деген сөз. Қызықты математика оқушының ынтасы мен ойлау қабілетін арттырып, жеке тұлға ретінде дамуына пайдалы әсерін тигізері анық» - деді А.Аймағанбетов[1].

Қазіргі қоғамда сәулет өнері саласында қазақ жастары аз кездеседі. Мұның себебі, біздің ойымызша, мектепте дұрыс геометриялық білім алмаушылық, яғни қазіргі жалпы білім беретін оқу орындарында геометрияға, оның ішінде геометриялық салу есептеріне дұрыс көңіл бөлінбей келеді. Геометрияны оқытуды дұрыс ұйымдастыру қазіргі ғылым мен техниканың жедел даму ғасырында қоғамға қажетті жастардың табылуына көмектеседі. Геометриялық салулар теориясы, әсіресе қолжетімсіз нүктелері бар жазықтықтағы салу есептері практикалық графиканың теориялық негізін құрайды, себебі сызудың көптеген тәсілдері геометриялық салу есебінің шешіміне сүйенеді. Сонымен қатар, геометриялық салулар оқушылардың математикалық дайындығындағы рөлі өте зор, өйткені олар оқушылардың математикалық құлшынбалығын және логикалық біліктілігін дамытуға көптеген материал береді. Салу есептері мектеп геометриясының кез келген бөлімінің теориялық білімдерін меңгертуге жағдай жасайды. Сондықтан мектеп геометрия курсына геометриялық салу есептерін, оның ішінде қолжетімсіз нүктелері бар жазықтықтағы салу есептерін шешуді оқып-үйрету өзекті мәселелердің бірі болып табылады[2].

Қолжетімсіз нүктелері бар жазықтықтағы салу есептерінің шешімдерін табу әдістерін талқылауға кіріспес бұрын, "қолжетімсіз нүкте" және "қолжетімсіз фигура" сөздерінің артында не тұрғанын талқылау керек.

Егер нүктеге конструктивтік геометрияның аксиомаларын, атап айтқанда сызғыш пен циркульдің аксиомаларын қолдану мүмкін болмаса, нүкте *қолжетімсіз* деп аталады.

Егер фигураның барлық нүктелері қолжетімсіз болса, фигура қолжетімсіз деп саналады. Егер осы нүктеде қиылысатын екі түзудің кесінділері салынса, қолжетімсіз нүкте берілген (белгілі) деп саналады. Төмендегі 1 суретте P нүктесі екі a және b түзулерімен анықталады.



1 сурет. Қолжетімсіз нүктенің берілуі

Қолжетімсіз элементтердің пайда болуы геометриялық салулардың барысын өзгертеді және әдетте оларды қиындатады. Біз мектеп оқушыларын қолжетімсіз элементтері бар геометриялық салулар теориясымен таныстыру міндетін қоймаймыз. Біз оларды жеке есептерді шешу әдістерімен таныстыруды ұсынамыз.

Тригонометрияны қолдана отырып, жердегі көптеген өлшеу есептері шешіледі, мысалы, жер бетінің әртүрлі нүктелері арасындағы қашықтықты есептеу (егер бұл қашықтықты тікелей өлшеу мүмкін болмаса), берілген заттың биіктігін есептеу (таулар, ғимараттар және т.б.), жоспарлар мен карталар және т. б. Біз өлшеулер

кішкене аймақта жасалады деп болжаймыз, сондықтан оны тегіс деп санауға болады және жер бетінің қисықтығын ескермеуге болады.

Бұл тақырыптың есептерін келесі топтарға бөлуге болады:

1. Қолжетімді екі нүктенің арасындағы қолжетімсіз қашықтықты өлшеу.
2. Қолжетімсіз нүктеге дейінгі қашықтықты өлшеу.
3. Қолжетімсіз екі нүктенің арасындағы қашықтықты өлшеу.
4. Қолжетімсіз нүктелерді пайдаланып циркуль және сызғыш көмегімен шешілетін салу есептері[3].

Оқушылардың математикалық білімді қолдана алуы үлкен практикалық маңызы бар. Осыған байланысты оқушылардың геометриялық шамаларды өлшеуде білім, білік және дағдыларды игеруі олардың математикалық білімінде маңызды буын болып табылады.

Геометриялық шамаларды өлшеу тікелей де, жанама да болуы мүмкін. Қашықтықты тікелей өлшеу өлшеу құралдарының көмегімен жүзеге асырылады, мысалы, сызғыш, өлшеуіш таспа, штангенциркуль, транспортир және т. б.

Қашықтықты жанама өлшеу геометриялық фигуралардың қасиеттері негізінде, содан кейін өлшеу құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылады.


Үшбұрыштардың теңдік қасиеттері мен ұқсастығын қолдана отырып, қашықтықты жанама өлшеу әдістерін мысалдармен түсіндірейік[4].

№ 1 мысал. A және B - қолжетімді нүктелер болсын; өлшеу керек AB – қолжетімсіз қашықтықты (10 сурет).

Есепті үшбұрыштардың теңдігін пайдаланып шешу үшін келесі амалдарды орындау қажет:


- 1) Қолжетімді A және B нүктелерін ойша қосамыз;
- 2) Бір қабырғасы ізделінді AB кесіндісі болатындай кез келген ABC үшбұрышын саламыз;
- 3) AC және BC қабырғаларын созамыз;

- 4) AC және BC қабырғаларының жалғасында келесі тең кесінділерді саламыз $A'C=AC$ және $B'C=BC$;
- 5) Шыққан кесінділердің ұштарын қосамыз, яғни A' және B нүктелерін;
- 6) $A'B'C$ және ABC үшбұрыштарының теңдігін көрсетеміз
- 7) Ізделінді қашықтықтың сандық мәнін анықтаймыз ($AB = A'B'$), ол үшін $A'B'$ өлшейміз.



2 сурет. 1 мысал

Енді осы есепті үшбұрыштардың ұқсастығын пайдаланып шешеміз. Ол үшін келесі амалдарды орындау керек (11 сурет):



3 сурет.1 мысалдың екінші шешімі

1. Қолжетімді A және B нүктелерін ойша қосамыз;
2. Бір қабырғасы ізделінді AB кесіндісі болатындай кез келген ABC үшбұрышын саламыз;
3. AC және BC қабырғаларын созамыз;
4. AC және BC қабырғаларының жалғасында келесі тең кесінділерді саламыз $A'C = (1 : n) \cdot AC$ және $B'C = (1 : n) \cdot BC$ (мұнда n — натурал сан; мысалы, егер $n = 4$, онда $A'C = AC : 4$);
5. Шыққан кесінділердің ұштарын қосамыз, яғни A' және B нүктелерін;
6. ABC және $A'B'C$ үшбұрыштарының ұқсастығын көрсетеміз
7. $A'B' = AB : n$ болатынын тұжырымдаймыз;
8. Ізделінді қашықтықтың сандық мәнін анықтаймыз ($AB = A'B'$), ол үшін $A'B'$ өлшейміз.

Ұсынылған қашықтықты жанама өлшеу әдістері оқушылардың математикалық білімді қолдануы тұрғысынан маңызды практикалық мәнге ие. Бұл әдістердің жекесін болсын, жалпысын болсын игеру оқушылар үшін белгілі бір қиындықтар туғызады, бұл белгілі бір тәсілге кіретін негізгі амалдарды біртіндеп жетілдіруді талап етеді. Жердегі негізгі өлшеу құралдары: экер, астролябия, кезеңдер және сантиметр (өлшеу) таспасы. Сәйкесінше, дәптерлерде оқушылар сызу үшбұрыш, транспортир, масштабты сызғыш, циркуль көмегімен сызбалар жасайды.

Мұнда қашықтықтарды жанама өлшеу үшін ұсынылған есептер сәйкесінше оқушылар теңдікті, содан кейін үшбұрыштардың ұқсастығын зерттегеннен кейін ғана орындалады. Қашықтықты жанама өлшеудің жалпыланған әдістері кейінірек

енгізіледі. Олардың ең тиімді қалыптасуы оқушылардың жердегі өлшеу жұмыстарын орындау барысында жүреді.

Мұғалім қашықтықты жанама өлшеу үшін есептерді шешудің арнайы әдістерін жасау үшін математика бойынша үйірме сабақтарын кеңінен қолдана алады.

Әр жағдайда мұғалім есепті шешудің әдісіне сәйкес әдіс-тәсілдерді тұжырымдау керек, алдымен дербестерін, содан кейін жалпысын. Соларды қолданудың негізінде мұғалім қашықтықтарды өлшеуге есептерді шешуге тиімді үйрете алады. Оқушылар өлшеу тәсілдердің көпшілігін беле тұрса да, өлшеу нәтижесі жеткіліксіз, ал құралдарды пайдалану мүмкін емес болатын жағдайлар болады. Мұндай жағдайларда әртүрлі теоремаларды қолдану тиімді.

Осындай сабақтарда геометрия курсының теоремаларын жер бетіндегі қашықтықтарды өлшеуге қолдану мүмкіндігін қарастыру қажет. Қолжетімсіз нүктелер болған кезде салулар сызу тәжірибесінде кездесуі мүмкін, өйткені сурет парағының шектеулі өлшемдеріне байланысты сызбаның бір бөлігі оған сыймайды. Жерде салу кезінде кейбір нүктелер қолжетімсіз болуы мүмкін (мысалы, геодезиялық құралды орналастыра алмасақ). Мұндай есептерді шешу әдісі кез-келген геометриялық түрлендірудің көмегімен қолжетімсіз нүктелер қолжетімді нүктелермен алмастырылатындығында. Көмекші деректер үшін есепті шеше отырып, бастапқы есептің шешімін алуға болады. Мұндай тапсырмалар үлкен мәнге ие, тапсырмаларды құру механизмін ашады, конструктивті ойлау қабілеті бар оқушылар қиналмай шешеді.

Әдебиет:

- 1 inform.kz https://www.inform.kz/ru/s-ezd-uchiteley-matematiki-proshel-v-karagande_a3900870
- 2 Крутиков О.П. Методы и решения геометрических задач на построение М.: Просвещение 2010

3 Кожашева Г.О. Конструктивтік геометрия негіздері. Талдықорған, «Жетісу Университеті», 2013

4 Понарин Я.И., Скопец З.А. Перемещения и подобия плоскости. Киев, 2001

УДК: 796.2

Епеков Акжол Куанышович

№2 орта мектептың мұғалімі

(Талдықорған, Қазақстан)

Ахметова Бакыт Бекетаевна

Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық

мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің оқытушы

(Талдықорған, Қазақстан)

Нурболдина Мадина Абилбековна

Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық

мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің оқытушы

(Талдықорған, Қазақстан)

ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТЕХНИКАСЫН ЖІКТЕУ

Түсініктеме: Бұл мақалада волейбол ойын техникасының мәселелері талқыланады. Ойын техникасы – жарыс нәтижелерін қамтамасыз ететін арнайы амалдар мен орындайтын тәсілдер: тұрыс және ауыстыру, беру, беруден допты алу, шабуыл ұрыс үшін беру, шабуыл ұрыстар мен жалған әрекеттер, блоктау, алаңның түбінде шабуыл ұрыстар мен жалған әрекеттерден допты алу, шабуыл ойыншыларын және қорғаныста серктестерді сақтандыру.

Түйінді сөздер: волейбол, ойын әдістемесі, ойын техникасы

Негізгі техникалық амалдарды ерекшелейді: беру, әрі қарай беру, шабуыл ұрыс, беруден допты қабылдау, болктау, және әртүрлі ойын жағдайларында негізгі амалдардың орындауын қамтамасыз ететін немесе олардың құрамдас бөлігі болып табылатын (секіруде, құлауда, төмен немесе жоғары тұруда, әрі қарай беру, секіруде

беру, жүгіру ұмтылысынан секірудегі шабуыл ұрыс) қосымша (ауыстыру, тұрыс, секірулер, құлау).

Шабуыл ұрыстарға арналған әрі қарай берулер.

Шабуыл ұрыстарға арналған әрі қарай берулер шалғайлық, доптың ұшу бағыты, траектория және жылдамдық бойынша бөлінеді.

Шалғайлық бойынша допты әрі қарай берулер бөлінеді:

- тар – бр зона аралығында;
- орташа – бір зонадан келесіге;
- кең – зона арқылы.

Доптық ұшу бағыты бойынша әрі қарай берулер айрықшалаынады:

- тігінен: торға параллель;
- көлденең – торға қарай 90 градусқа жақын немесе тең бұрышпен;
- диагональ – торға қарай үшкірлі бұрышпен (алаң түбінен әрі қарай берулер де жатады).

Доптың ұшу траекториясы бойынша әрі қарай берулерді айрықшалаыды:

- төмен – ұшу биіктігі тор деңгейінен 0,5 м дейін;
- орташа – ұшу биіктігі тор деңгейінен 1,5 м дейін;
- биік — ұшу биіктігі тор деңгейінен 2 м дейін [1];

Доптың ұшу жылдамдығы бойынша әрі қарай беру түрлері айрықшалаынады:

- өлшелінген – мұнда допқа минималды жылдамдық және де шұғыл траектория беріледі;
- жартылай өлшемделген – жоғары жылдамдықпен және жазық траекториямен;
- өлшемделген – тордың жоғарғы шетінен шабуылшы үшін белгілі максималды жылдамдылығымен.

Әрі қарай беруді орындау техникасы

Орнықты тұрыстан алдыға әрі қарай берулер.

Ойыншы доппен кездесетін болжаулды орынға қадаммен немесе жүгіріспен жылжу. Соңғы өкшелі қадамда өкшелерді бр-біріне параллель иық деңгейі немесе келесі беру бағытына байланысты бірінің алдына бірі қою орынды болады.

Бастапқы жағдайда (БЖ) аяқтар тізедее бүгілген, қолдардың үлкен саусақтары қастардың деңгейінде орналасады. Сұқ және үлкен саусақтар үшбұрыш құрайды, одан ойыншы жақындаған допты бақылайды [2].

Қолдың саусақтары біріктірілген, сопақ қалпы бар, және тиімді қозғалыста өзінше ожау құрайды.

Доп таянғанда аяқ тізеден бүгіледі, және денені жоғары көтереді. Шамалыдан соң қол кіріседі – олар допқа ұшу бағытын береді, аяқ тез және жылдам бүгіледі, ал қол доптың ұшуын қамтамасыз етіп, жай бүгіледі. Қолдың саусақтары бүгілу жағдайын сақтайды, онда алақан әрі қарай берудің бағытына перпендикуляр болады.

Допты ұру кезінде, үлкен саусаққа доптың амортизациясы бойынша негізгі салмақ түседі, сұқ саусақ білезік буынының негізгі бөлігі, ортаңғы аз мөлшерде, аты жоқ саусақ пен кіші саусақ ұшу бағытын реттеп, допты бр жақты бағытта ұстап қалады.

Доп ұшқаннан кейін қолды белгілеу қозғалыспен қоса аяқталғаннан толық тоқтағанға дейін ұсынылады.

Егер доп ұшу кезінде айналмаса немесе аз айналса (сағат тілі бойынша) — әрі қарай беру, дұрыс.

Тіреліп тұрып, артқа қарай лақтыру жағдайы.

Артқа қарай лақтыруды, бір аяқ екінші аяқтан алға қарай тұру жағдайында орындаған дұрыс. Қолдар білезіктермен бастан жоғарыдай етіп қойылады. Ұру қозғалысында бірінші аяқтар түзеледі және ойыншы бір уақытта дененің кеуде кеуде және бел бөліктерінде еңкейеді. Содан кейін жұмысқа қолдар қосылады: олар шынтак буында ашып көтереді. Әрі қарай берудің ұшу бұрышы, бийіктігі және бағыты белде еңкею мөлшерімен реттеледі [3].

Секіріп тұрып екі қолмен лақтыру – шабуыл, ұрыс үшін арналған секіру ретінде.

Ұшу барысында қолдар бастан жоғары шығарылады және де треліп тұрып лақтыру жағдайындағыдан гөрі биігірек, үлкен саусақтар бастың деңгейінде орналасады. Қарсы ұру қозғалысы қолдардың белсенді жұмысымен және дене мен аяқтың шамалы қозғалыстаымен сипатталады. Дененің жоғары нүктеге көтерілу жағдайында лақтыру аса тиімді болады [4].

Алаңдату әрекеттерімен лақтыру.

Бұның мәнісі – дайындық фаза бір техникалық амалдан, ал негізгісі – басқадан тұрады. Мұндай лақтырудың мысалы ретінде «лақтырып жберу» болады.

Дайындық фазада ойыншы екпін, сермеу – тура шабуыл ұрысты орындауға тән барлық әрекеттерді орындайды. Бірақ қол сермеу жағдайында белгіленбейді.

Ойыншы ұшудың жоғары нүктесіне жетп, денесін торға перпендикуляр бұрып, бір уақытта «ұратын» қолын басының артына түсіреді де басқа қолын секіріп тұрып лақтыру үшін бастапқы жағдайға көтереді.

Артқа қарай лақтыру кезінде алаңдату осылай орындалады. Ойыншы барлық өзінің түрімен алдыға қарай лақтыратынын көрсетеді, бірақ соңғы сәтте ол доп басынының үстінде болуы үшін доптың астына жылдам тұрады да, артқа қарай лақтыру техникасымен байланысты барлық қимыл-қозғалыстарды орындайды [5].

Лақтырулар.

Лақтыру түрлері келесімен анықталады:

- иықтың көлденең өсінің тор жазықтығына қарай орналасу;
- доптың орналасу деңгейінің ұратын білезігінің ждоппен жанасу сәтінде иықтардың көлденең өсі деңгейіне қарай [6].

Осыдан шыға отырып, лақтырулар тура, бі жақты, төмен және жоғары болып жіктеледі.

Тура лақтырулар:

Ойыншы иықтарының көлденең өсі лақтыру сәтінде тор жаөызтығына параллель екені тура лақтыруды анықтайды.

Бір жақты лақтырулар.

Ойыншы иықтарының көлденең өсі жағдайы тор жазықтығына лақтыру сәтінде перпендикуляр немесе шамалы перпендикуляр екені бір жақты лақтыруды анықтайды.

Төмен лақтырулар.

Төмен лақтыру сәтінде ұратын қол білезігі допты беріп отырған ойыншы иықтарының көлденең өсінен төмен болған доппен жанасады.

Жоғары лақтыру.

Жоғары лақтыру барысында ұратын қол білезігі допты беретін ойыншы иықтарының көлденең өсінен жоғарыда болған доппен жанасады.

Лақтыруды орындай техникасы

Тура төмен лақтыру:

Ойыншы бетімен торға қарап орналасады. Аяқтары иық жалпақтығында. Ұратын қолға қарсы аяқ алдыға қарай тұрады. Ұратын қол сермеу жағдайында артқа қарай болады, басқа қол допты лақтыру кезінде (бастан 1 м жоғарыда) дене ауырлығы оң аяққа түседі, сол аяқ браз бүгіліп, босайды, және ұшымен алаңның үстіне иық екіншісінен төмен қарай болу есебімен кеуде оңға қарай қисаяды [7].

Қол сермеуге қарай қозғалады, жанына қарай-төмен түсіледі. Ұру үшін алға қарай жылжығанда оның жамбасы алға шығады.

Дененің төменгі жақ бөлігі түзелгенде кеуде солдан-оңға қарай түзеледі де, торға қарай бұрылады. Ұратын қол түзелген доғал бойынша жоғары-алға жылжиды. Ұшу кезінде алда тұрған аяқ ұратын иықпен бірге түзу сызықты құрайды.

Қолдың қозғалысы біртіндеп жиілейді және допқа тигенше жылдамдығы тездетіледі. Ұру күшті кеудені қуатты қолдың қозғалысымен бірге иықты көтерумен өседі.

Әрі қарай беру әдісінің техникасы

Бастапқы жағдай – аяқ иықтың бойымен бірдей, параллель немесе екіншісімен алға (келесі әрі қарай берудің бағытына байланысты) тізеден бүгілген. Қол түзелген және алға-төмен бағытталған, шынтак жақындасқан, саусақтар біршама байланысқан. Кеуде аздап алға бұрылған әдісті жүзеге асыра отырып, ойыншы әрі қарай беру кезінде доп алдында тұратындай етіп тұрады.

Доп саусаққа жақындап иықпен қабылданады. Түзу қол қозғалысымен алға-жоғары иық буынымен ғана жүзеге асырылады. Кеуде түзеліп, аяқ бүгіледі.

Допқа ілесетін қимыл-қозғалысты аяқ және кеуденің бүгілуімен, қолдың алға-жоғары жылжуы, доптың соңынан кеудені түзеп, аяқты бүгіп түзеледі. Бұл амалдың техникасы ойыншыға доптың ұшу жылдамдығымен және оның траекториясының биіктігіне байланысты. Доп белдік деңгейінен төмен баяу ұшқанда, ойыншы нық тұрғанда, оны төменнен қолдың алға-жоғары түзелген қозғалысымен қабылдайды [8].

Кейде допты оның бір жағынан ұшып бара жатқан кезінде ұстауға тура келеді. Бұл жағдайда ойыншы доп жаққа бұрылады, біріккен қол келе жатқан допты қағып алады. Кеуде доптан басқа жаққа бұрылады, сол кезде бір иық доп ұшқан жаққа қарай көтеріліп, екінші иық түседі. (егер қолдар допқа қарай бағытта ашық болмаса, ол сол жаққа бағытталады).

Шабуыл ұрыс.

Шабуыл ұрыстар иықтың көлденең өсі бойынша, әрі қарай беру сипатына, бағыты бойынша және ұрғаннан кейін доптың ұшу жылдамдығы, атака сипаты бойынша бөлінеді.

Ұрысты иықтың көлденең өсі орналасуы бойынша бөлінеді:

- түзу – иықтың көлденең өсі ұрыс кезінде тордың жазықтығына параллель;
- бір жақты – иықтың көлденең өс ұрыс кезінде тордың жазықтығына перпендикуляр немесе үшкір бұрышта болады.

Әрі қарай беру сипаты бойынша:

- ұшу траекториясының жоғарғы нүктесіне жеткеннен кейін түсетін өлшенген доп бойынша;

- ұшу траекториясының жоғарғы нүктесіне жеткеннен кейін ұмтылып, шығаратын доп бойынша;

- ұшу траекториясының әр түрлі нүктесінде өлшемделген доп бойынша.

Ұрғаннан кейін доптың бағыты және ұшу жылдамдығы бойынша

- кадам бойынша – ұрғаннан кейін доптың ұшу бағыты шабуыл жасаушы ойыншының жүгіюу бағытымен шамамен сәйкес келеді;

- бұрылумен – ұрғаннан кейін доптың ұшу бағыты шабуылшының жүгіруімен сәйкес келмейді.

Атака сипаты бойынша:

- Ұрғаннан кейін доптың ұшуының максималды бастапқы жылдамдығына көңіл бөлінгендегі күшке (бағыты есепке алынбайды);

- ұрғаннан кейін доптың бағытына ғана көңіл бөлінгендегі дәлдік;

- бір қолмен орындалатын жалған шабуыл әрекеті, екі қолмен орындалатын жалған шабуыл әрекеті.

Әдебиеттер тізімі

1. Вершинский Е.В. Спортивные игры. Гл. «Волейбол», под редакцией Козлова М.С., 1962
2. Железняк Ю.Д. 120 уроков по волейболу. М., 1965
3. Ивойлов А.В. Тактическая подготовка волейболистов. М., 1960
4. Ивойлов А.В., Ахрема А., Герман К.Б. Волейбол /тактика, техника, тренировка/. Минск, 1992
5. Клещев Ю.И. Тактическая подготовка волейболистов. М., 1963
6. Чехов О.С. Основы волейбола. М., ФиС, 1989
7. Андрушишин И.Ф., К.В. Ильющенко Учебное пособие для физкультурных вузов Алматы, 1999.
8. Матвеев Л.П. Теория и методика физического воспитания. — М:ФиС 1991

ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ (LAW SCIENCE)

УДК 343.41

Чембекова Гүлназ Шамильқызы

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,

(Талдықорған қ.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЙЕЛДЕР ҚЫЛМЫСЫНЫҢ АЛДЫН- АЛУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме: Мақалада Әйелдер қылмысының жалпы құрылымын, сондай-ақ бас бостандығынан айырылғандардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасын талдай отырып, заңгер мамандардың пікірлеріне негізделіп, соңғы уақытта зорлық-зомбылықпен және есірткі бизнесімен айналысатын әйелдер санының өсіп келе жатқанына құқықтық зерттеулер жүргізілген. Әйелдер қылмысының профилактикасы, оның ішінде, қылмыс қайталанатын жағдайларда ескерту беру - әр қылмыскерді жазалауда жеке даралық принципін ұстану, әйелдер зорлық-зомбылық әрекеттерін қолдана арқылы қылмыстарға барулары олардың спирттік ішімдіктер ішу, психикалық сырқаттарының орын алулары салдарына ғылыми зерттеулер жүргізілген.

Түйін сөздер: әйелдер қылмысы, зорлық-зомбылық, қылмыстың қайталануы, әйелдер қылмысының түрлері, қылмыс.

Әйелдер қылмысын ерлер қылмысынан ерекшелейтін факторлар көп екендігінен өз сөзімізді бастасақ. Ел арасында нәзік жанды атанғандардың жасаған қылмыс саны, сипаты, салдары, қылмыс жасау тәсілдері әрі құралдары сол

факторлардың бірқатарын құрайды. Бұл аталғандардан бөлек, әйелдердің қылмыс жасауда атқаратын рөлі, өз құрбанын таңдауы, заңға томпақ келетін құқық бұзушылықтар кезінде отбасылық-тұрмыстық жайттардың әсер етуі де қылмыстық істе тереңінен талданады. Сол себепті еркектер қылмысынан бір табан алыстау, бір қарыс өзгеше тұстары жетерлік.

Сонымен қатар, біз атап, түсін түстеген ерекшеліктер әйелдің қоғамдағы орнымен, әлеуметтік рөлдерімен, биологиялық және психологиялық сипатымен тығыз байланысты.

Жасалған қылмыстардың сипаты бойынша заңға қайшы әрекет еткен әйелдерді келесідей топтарға бөлуге болады:

- шаруашылық – мемлекетке немесе қоғамға тиесілі мүлікті ұрлаумен байланысты қылмыстар жасаған әйелдер, лауазымдық сипаттағы қылмыстар, сондай-ақ пара беруге және қабылдауға байланысты қылмыстар;

- ұрлық - жеке, мемлекеттік және қоғамдық мүлікті тонаған әйелдер;

- пайдакүнемдік - қарақшылық шабуылдар жасайтын әйелдер;

- зорлық-зомбылық - адам өлтірген немесе зәбір көрушіні жарақаттайтын, сондай-ақ зорлық-зомбылық немесе бұзақылық сипаттағы әрекеттер жасайтын әйелдер;

- ерекше - түсік жасату немесе жыныстық жолмен берілетін ауруларды заңсыз жасады деп айыпталған әйелдер.

Әйелдер қылмысының жалпы құрылымын, сондай-ақ бас бостандығынан айырылғандардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасын талдай отырып, заңгер мамандар соңғы уақытта зорлық-зомбылықпен және есірткі бизнесімен айналысатын әйелдер санының өсіп келе жатқанын алға тартады. Тіпті, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін көлеңкелі бизнестің жетегінде жүр десек, артық айтқандық емес. Қылмыскерлердің ең кішісінің жасы 14 шамасында болса, заңды белшесінен басып, пайда тауып жүргендердің үлкенінің жасы 60-қа таяп қалады. Әрине, құқық бұзушылықты жасау ың-дыңсыз өтпейтін кездер де болады. Мұндайда қылмыскерлер

қажеттіліктен үш ұйықтаса түсіне кірмеген айла, қарекеттерге көше бастайды. Өкінішке орай, еліміздегі "есірткі Отанынан" айналған Шу өңірі мен Теміртау қаласынан бөлек, республиканың басқа қалалары мен ауылдарында, теміржол станцияларында мектеп, зейнет жасындағы есірткі тасымалдаушылар мен қолданушылардың ұсталу фактілері жиілеп кетті.

Десек те, сананы улайтын наркотикалық заттардың заңсыз айналымының алдын алу да оңай шаруа емес. Бұл үшін әртүрлі идеологиялық, құқықтық және ұйымдастырушылық бағытты ұстанатын тиісті органдарының жұмылған жұдырықтай жұмыстары керек-ақ.

Осыған байланысты, зерттеушілердің пікірінше, наркобизнеспен айналысатындарға айыппұл салу - ең оңтайлы шешім, себебі, есірткі сатумен пайда табудың өзі де заңсыз. Наркобизнесі, әсіресе, жасы келген, өзіндік пікірі, өмірлік принципі, көрген-білгені бар әйелдер нәсіп етеді. Жасы егде тартқан әйелдердің есірткінің заңсыз таралуына өз үлестерін қосып жүргеніне қарағанда, халық арасында саналы түрде көлеңкелі бизнеске бару тенденциясы қалыптасып келеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда әртүрлі жастағы ұлт өкілдері, әлеуметтік жағдайы әртүрлі 2568 мың әйел бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуде және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ҚАЖ комитетінің деректері көрсеткендей, әйелдер қылмысының деңгейі төмендемейді. Қылмыстық әйелдің жеке басының криминологиялық сипаттамасы ерекше. Бірнеше жыл бұрын жазасын өтеп жатқан әйелдер арасында егде жастағы әйелдер көп болды. Мысалы, жүзеге асырылған іріктеуде:

16 жастан 17 жасқа дейінгі адамдар — 1 %;

18 жастан 19 жасқа дейін — 1 %;

20 жастан 21 жасқа дейін — 1,5%;

22 жастан 24 жасқа дейін — 3 %;

25 жастан 29 жасқа дейін — 22 %;

30 жастан 34 жасқа дейін — 38 %;

35 жастан 39 жасқа дейін — 15 %;

40 жастан 49 жасқа дейін — 13,5 %;

50 жастан 59 жасқа дейін — 2 %;

60 жастан жоғары-3% құрады;

Әйелдер қылмысының профилактикасы, оның ішінде, қылмыс қайталанатын жағдайларда ескерту беру - әр қылмыскерді жазалауда жеке даралық принципін ұстанумен тығыз байланысты. Мәселен, әйелдердің түзеу-еңбек колониялары мен тергеу изоляторларының қызметкерлеріне қылмыстың қандай түрімен айналысқан әйелдердің оң әлеуметтік қасиеттері бар және қай топтағы әйелдер профилактикалық іс-шараларда жақсы жағынан көрсете білді? -деген сұрақ қойылды. Сұралғандардың 43,7% - ы шаруашылық, лауазымдық қылмыстары үшін сотталған және ірі ұрлық жасаған адамдар деп жауап берді. 42,3% — ы тұрмыстық негіздегі ауыр қылмыстар-кісі өлтіру және дене жарақатын салғаны үшін алғаш рет істі болғандар. Есірткінің заңсыз айналымы саласында қылмыс жасаған адамдар, сондай-ақ бұзақылық үшін сотталған адамдар оңтайлы әсер ету жұмыстарын және қылмыстың қайталануын алдын алу шараларын қабылдау тұрғысынан неғұрлым "күрделі" топқа жатқызылды.

ҚР ҚК-ның 99-бабында көрсетілген қылмыстарды жасауда әйелдердің де еркектермен салыстырғандағы үлестік салмақтарына назар аударсақ, әйелдер де бұл қылмыс түрін жасауда белсендік танытуда. Мәселен, 2017 жылы бұл бап бойынша жасалынған қылмыстардың 88,22% ерлерге тиесілі болса 11,78% әйелдерге тиесілі болған. 2018 жылы бұл бап бойынша жасалынған қылмыстардың 88,53% ерлерге тиесілі болса 11,47% әйелдерге тиесілі болған. Ал 2019 жылы бұл бап бойынша жасалынған қылмыстардың 89,46% ерлерге тиесілі болса 10,54% әйелдерге тиесілі болған. Сонымен қатар 2020 жылы бұл бап бойынша жасалынған қылмыстардың 88,62% ерлерге тиесілі болса 11,38% әйелдерге тиесілі.

ҚР ҚК-нің 99-бабында көрсетілген қылмыстарды жасаған әйелдердің қылмыстық іс материалдарын зерделей келе, 2020 жылы (2019 жылы 70 қылмыстың-38) аталған

баптағы көрсетілген 74 қылмыстың 47-ін әйелдер алкогольді масаң күйде жасағаны анықталған.

Соңғы уақытта өмір сүру жағдайының өзгеруіне, әлеуметтік- экономикалық проблемалардың шиеленісуіне, өмір сүру деңгейінің төмендеуіне байланысты өлтіру оқиғалары да белең алып келе жатқаны да байқалады.

Әйелдер қылмыстарының құрылымы салыстырмалы түрде қарапайым және елеусіз болып көрінгенімен, мәселені мұқият қарастырғанда, бұндай әреттер бірқатар жағымсыз құбылыстар өрескел және дөрекі түрде жасалады, әйелдердің мұндай мінез-құлқы қоғамға, отбасына теріс әсер етеді.

Әйелдерге жағымсыз макро және микроәлеуметтік әсерлер көбінесе олардың девиантты белсенділігінің қалыптасуына, сондай-ақ ауыр зорлық- зомбылық түрінде көрінетін ауыр қылмыстық агрессияға ықпал етеді. Әйелдерде агрессивті қылмыстық әрекеттерді жүзеге асыру алкоголь немесе есірткі түріндегі жеке тұлғаның өзгеруімен қатар қоғамға қарсы көзқарастарға айтарлықтай ықпал етеді.

Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысының көптеген зерттеулері жеке тұлғалық ерекшеліктер, психикалық ауытқулар, және қылмыстық әрекет арасындағы өзара әрекеттесудің әртүрлілігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Әйелдермен жасалынатын кісі өлтіру және денеге зақым келтіру фактілері көп жағдайда отбасындағы тұрмыстық қарым-қатыныстардың салдарынан болып отырады. Осындай жағдайларда алдымен көбінесе қылмыс жасап қойған әйелдің жұбайы немесе бірге отбасында тұратын ер адамның осындай әрекетке әдейі ұрындыратын виктимді мінез – құлқының пайда болулары себепші болады.

Қазіргі таңда әдеттегі әйелдермен жасалатын қылмыстардың қатарында өздерінің жаңа туған нәрестелерін өлтіру қылмысы орын алып отырғандары анық. Көптеген жағдайларда осыларға себеп ретінде заңды түрде некесі жоқ бала көтерген әйелдің түсік жасауға мүмкіндігінің жоқтығын атап өткен жөн. Қоғамда орын алып жатырған бұзақылық ниеттегі қылмыстық әрекеттерін жасайтын әйел адамдардың саны барлық қылмысқа баратын әйелдердің арасында 5-6 құрайды.

Көп уақыттарда еркектер сияқты әйел адамдары да алкогольді масаң күйінде бұзақылық әрекеттерін жасайды. Жалпы әйелдер зорлық-зомбылық әрекеттерін қолдана арқылы қылмыстарға барулары олардың спирттік ішімдіктер ішу, психикалық сырқаттарының орын алулары салдарынан қоғамға келеңсіз әрекеттер жасай отырып, барады.

Әйелдер қылмысы жайында. М.Антонян: "егер халықты қажетті тауарлар мен қызметтермен қамтамасыз ету мәселелері шешілмесе, тәрбие жұмысы айтарлықтай жақсармаса және қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс азаймаса, қылмыс деңгейінің төмендеуіне үміттену бекер. Тұтастай алғанда түрлі қылмысты тудыратын бұл жағдайлар, әсіресе, бәріне эмоционалды түрде жауап беретін әйелдерге қатты әсер етеді. Әйелдер мен еркектер құқығы тең деп қарастыратын барлық декларацияларға қарамастан, оларды шынымен нәзік жанды есептесек, оларды қорғаштап, қоғамдағы орнын айқындап берсек игі еді" - дейді.

Қоғамдағы қылмыскер әйелдердің арасында қаңғыбастық өмір салтын ұстанатын әйелдердің үлестері күннен күнге артып отырған, бірақ 1991 жылдан бері бұл келеңсіз құбылыс қылмыстық түрде жазаланатындардың сандар қатарынан алынып, өзгерістер енгізілген. Бұл дегеніміз әйел қылмыстылығы статистикалық есептеріне айтарлықтай әсерін тигізеді. Дейтұрғанмен де, осы тектес қылмыстық әрекеттерді қылмыстардың қатарынан алып тастауды қолайсыз мәселені шешудің басты жолы ретінде қарастыруға болмайтыны анық.

Себебі, әйелдер қылмыстылығы жөніндегі статистикалық көрсеткіштері оңды жағынан өзгергенімен, бұл қоғамға жат құбылыс екені ешкімге жасырын емес. Көшеде қайыр сұрап отыру секілді әрекеттер біріншіден, масылдық сананы тудырса, екіншіден, біреудің қалтасын томпайтуды көздейді. Сондықтан қаңғыбас әйелдердің мәселесі де көзді жұмып өтіп кете салатын түйіткіл емес. Керісінше, түйінін тарқатуды қажет ететіндігі хақ.

Е.В.Змановскаяның пікірінше «жалпы қылмыстылық дегеніміз бұл салыстырмалы жаппай, тарихи өзгермелі әлеуметтік, қылмыстық-құқықтық

сипатқа ие, белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың жиынтығынан тұратын таптық қоғамның құбылысы. Қылмыстылықтың мынандай көрсеткіштері бар: деңгейі, қарқындылығы, құрылымы, динамикасы, ал қылмыстылықтың деңгейі дегеніміз белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың абсолюттік саны болып табылады».

Атақты криминолог С.Б.Алимовтың зерттеулері бойынша «көп жылдар бойы қылмыстылық статистикасы әйел қылмыстылығының деңгейі ер адамдар қылмыстылығымен салыстырғанда төмен екендігін көрсетіп жүрді. Мысалға, әлемдік белгілеулер бойынша 19 ғасырдың соңында сотталған әйел адамның саны 12% құраған. Ал 20 ғасырдың басында, ер адамдардың әйел адамдарға қарағанда айрықша басымдылығы байқалатын кезеңде қылмыстылықтың жалпы заңдылығы онша өзгермеген. Сотталған ер адамдардың саны 87,7%, ал әйел адамдардың саны 12,3% құрағандығын көрсетеді».

Осы орайда С.С.Остроумов та «Қазақстандағы әйел қылмыстылығының анықтығымен мен объективтігіне қарысты нақты статистикалық мәліметтері туралы айтатын болсақ, олар өткен ғасырдың 60-шы жылдар кезеңінен басталып қарастырылған. Себебі, жалпы одақтық қылмыстық статистиканың мәліметтері тек 1960 жылдары ғана біркелкі және бірінғайландырылған сипатқа ие болды. 1958 жылдың 25 желтоқсанда КСРО мен одақтастық республикалардың қылмыстық заңдарын негіздері күшіне енді. Онда көптеген гуманистік институттардың енгізілгені, бірқатар әрекеттердің қылмыстар қатарынан алынып тасталғаны және қылмыстық жауаптылыққа тартылу жасының 12-ден 14-ке дейінгі жоғарылағаны байқалады. Бұның өзі белгілі бір дәрежеде 1959 жылы қылмыстылықтың қысқаруына әсер еткендігін көрсетеді» дейді.

Ал академик Д.С.Лихачев: «отбасында қалыпты өмірдің болмауы, кедейліктің жан-жағындағы байлық, бастауыш және орта білімнің нашар қалыптасуы, билік пен ақшаға тәуелділіктен туған Заңға деген құрметсіздік, бәрі-бәрі қылмыстың көбеюіне

әкеп соғатынын ұғынуымыз қажет. Сондықтан, меніңше, кез келген қылмыстың салдарын тек соттаумен шешпей, сонымен қатар біздің өмір салтымызды ішінара өзгерте отырып қылмыспен күресуіміз керек» - деп, пікір білдірген.

Десе де, қылмыстың алдын алу мәселелері бүгінде өзінің заңнамалық шешімін талап етеді. Қазіргі таңда прокуратура, әділет, ішкі істер органдары мен соттардың қылмысты алдын алудың құқықтық нормаларына, заңнаманы пайдалануға біркелкі көзқарасының қажеттілігі артып отыр.

Әдебиеттер:

- 1) Алауханов Е. О. әйелдер арасындағы қылмыстың криминологиялық сипаттамасы // Фемида. 2006. № 11(131).
- 2) Құрманбекова Ш. В. Қазақстан Республикасындағы әйел есірткісінің мәселелері: Алматы, 2000.
- 3) Зайналова Е. әйелдер қылмысы // ой. 2007. № 12.
- 4) Корзун И.В. Қазақстандағы әйелдер арасындағы қылмыс. Алматы, 1998. 90-102 Б.
- 5) Бондар А. қылмыстың алдын алу және оның нәтижелері // заңдылық. 2002. № 9. С. 4.
- 6) Антонян Ю.М., Кудряцев В.Н., Эминов В.Е. Личность преступника. СПб 2004ж.
- 7) Змановская Е.В. Девиантология. М.: «Академия», 2003ж.
- 8) Остроумов С.С. Преступность и ее причины в дореволюционный период, Мәскеу, 1980ж.
- 9) Корзун И.В. Қазақстандағы әйелдер арасындағы қылмыстық жағдайы. Алматы. 1998ж.
- 10) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика орталығының ресми сайты www.pravstat.kz.

СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ (SOCIAL AND HUMANITARIAN SCIENCES)

УДК 82

Абдыхалиева Камилла Бахытжановна

«Аударма ісі» оқу бағдарламасының 2 курс студенті

«Тұран» Университеті

(Қазақстан, Алматы қ.)

Научный руководитель: Адишева Айман Умирзаковна,
к. ф. н., ассоциированный профессор университета "Туран"

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация: Мақала қазіргі таңда өте өзекті мәселелердің бірі, қазақ поэзиясының ағылшын тіліне аудару ерекшеліктеріне арналған. Мақаланы жазу барысында Мұқағали Мақатаевтың Махаббат диалогы атты шығармасына қысқаша талдау жасау арқылы, қазақ поэзия жанрының ағылшын тіліне аудару кезінде пайда болатын қиыншылықтар мен ерекшеліктері атап көрсетілген.

Түйінді сөздер: қазақ поэзиясы, мәдени мұра, рухани мұра, семантикалық эквиваленттік, аударма әдістері

Қазіргі таңда Қазақстан – дамыған, егемен, тамыры тереңге тараған тұңғық тарихы бар ел. Жастар ретінде біздің қазіргі басты мақсаттарымыздың бірі – еліміздің тарих қойнауында қалып қойған тұлғалардың мұраларын жаңғыртып, өзге тілде сөйлету. Оларға қайта жаңа дем беріп, өзге ұлттар сусындай алатындай, әлемге ұсыну керек. Бұл мақсатқа жеткізер бірден – бір шешім – аударма саласын дамытып, оған көңіл бөлу. Өйткені бұл сала, біздің мәдени мұрамызды әлемге лайықты түрде паш ете алатын салалардың бірі.

Аударманың көркем әдебиеттегі алатын орны ерекше. Өйткені аударма арқылы өзге тілдің өкілдері біздің ақиық ақындарымыздың кереметтей туындыларын оқып, сусындай алады.

Қазақ поэтика жанрының өзге тілдерге, атап айтқанда ағылшын тіліндегі аудармалардың аздығын байқауға болады. Мүмкін бұл, поэтикалық шығармаларды аудару барсында туындайтын қиындықтар мен ерекшеліктерге байланысты болар. Өйткені аударма барысында, өлеңнің құрылымы өзгеріске ұшырап, лексико – семантикалық мағынасы жоғалады. Аудармашы аударма барысында тек өлеңнің мағынасына, автордың оқырманға жеткізгісі келген түйінді мәселеге ғана мән беріп қана қоймай, сонымен қатар өлең жолдарының ырғағы мен әуезділігін сақтай білуі керек.

Л.с. Бархударовтың пікірінше, поэтикалық шығармаларды аударудағы қиындықтар "екі тілдің құрылымы мен поэтикалық мәтіндерге қойылатын қатаң формальды талаптардың арасындағы айырмашылықтармен" байланысты [1]. Аудармашы ырғақты, рифманы, аллитерацияны, ассонансты, ономотопеяны, дыбыстық символизмді және поэзияның басқа да экспрессивті құралдарын жеткізе білуі керек.

Семантикалық эквиваленттілік - аударма мәтінінің маңызды сипаттамаларының бірі. Поэтикалық форма аудармада белгілі шектеулер қояды, кейбір құрбандарды талап етеді. Алайда, мағынаны (поэтикалық мәтіннің мағынасын поэтикалық шығармадағы мағынаның минималды бірлігі ретінде білдіреді), сондай-ақ стилистикалық доминантты елемеуге болмайтынын ескерген жөн. Егер аудармашы өлеңнің формасын мүмкіндігінше жақын жеткізуге бағытталған болса, онда ол шығарманың мағынасы мен стилистикалық ерекшеліктерін жоғалтуы мүмкін.

Бірақ бұл аударма түрін орындаудың ең маңызды шарты - аудармашының ақындық қасиетінің болуында. Осы қасиеттер аудармашыға түпнұсқа мәтініндегі барлық тұжырымдамалық және эстетикалық ақпаратты жеткізуге мүмкіндік береді.

Поэтикалық аударма барысында туындайтын қиыншылықтарды айқын көрсету мақсатында, қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев атамыздың «Махаббат диалогы» атты шығармасын ағылшын тіліне аудармасын қарастырып көрейік.

Махаббат диалогы

- Құс боп ұшып жоғалсам, не етер едің?
- Сені іздеумен мәңгілік өтер едім
- Отқа түсіп өртенсем не етер едің?
- Күл боп бірге соңыңнан кетер едім
- Бұлдырасам сағымдай не етер едің?
- Жел боп қуып ақыры жетер едім
- Қайғы әкелсем басыңа не етер едің?
- Қойшы сәулем бәрін де көтеремін!

Dialogue of love

- What would you do if I flew away like a bird?
- I would spend all my life looking for you
- What would you do if I was on fire?
- I would show up in ashes and burn with you
- What would you do if I flashed like a mirage?
- I would become the wind and catch up with you
- What would you do If I gave you any troubles?
- I would handle everything for your happiness!

Берілген өлең жолдарын сараптап көрейік. Өлеңді аудару барысында түпнұсқадағы толымды ұйқас, ағылшын тіліндегі нұсқада шалыс ұйқасқа ауысады.

Яғни:

- Құс боп ұшып жоғалсам, не етер *едің?*
- Сені іздеумен мәңгілік өтер *едім*

- Отқа түсіп өртенсем не етер *едің?*

- Күл боп бірге соңынан кетер *едім*, - берілген өлең шұмақтарының соңғы сөздерінің дауысты және дауыссыз дыбыстарының толықтай үндестігі сақталған.

Ал ағылшын нұсқасында:

- What would you do if I flew away like a bird?

- I would spend all my life looking for you

- What would you do if I was on fire?

- I would show up in ashes and burn with you, - өлеңнің 1-ші жолы мен 2 -ші жолы, 3 - ші жолы мен 4 - ші жолдары толығымен ұйқасып тұр.

Сонымен қатар, аудару барысында қосу тәсілі көрініс табады. Яғни қазақ тілінде берілген кейбір сөздер ағылшын тілінде түрлі қосымшалармен берілген.

Мысалы:

1. Ұшып – flew away;
2. Іздеу – look for;
3. Күл болу – show up in ashes;
4. Жету – catch up with;

Өлеңнің соңғы жолында, шұмақтың семантикалық мағынасын ағылшын тілінде толықтай ашу мақсатында, аудару барысында *for your happiness* сөзін қосу арқылы, толықтай семантикалық сәйкестікке жетуге тырыстым.

- Қойшы сәулем бәрін де көтеремін!

- I would handle everything *for your happiness!*

Аудармашы аудармадағы әрбір сөзді аударуға тырысқан кезде, небір сөздердің алып тасталуынуын болдырмауға тырысады. Өйткені алып тастау тәсілі өлеңнің терең мағынасын жеткізу үшін емес, ырғақты немесе рифмді сақтау үшін көбірек қолданылады. Аударма барысында қосу тәсілінің кең етек алатынын байқадық. Олардың бұл аудармалардағы негізгі мақсаты тағы да өлеңнің ұйқасын немесе

ырғағын сақтау. Кейбір аудармаларда қосу тәсілі өлеңнің мағынасына немесе стильдік бояуына еш әсерін етпей, керісінше семантикалық эквиваленттіке жол ашады.

Қазақ поэзиясы тұнып тұрған байлық, рухани мұра. Соның ішінде Мұқағали поэзиясы қазақ әдебиетінде ерекше орынды алып отыр. Мұқағали өлеңдері, бейнелі, өрнекті сөздерге толы. Әр өлең шұмағы эстетикалық сезімнен, бейнелі ойдан, ақынның дүниені суреткерше қабылдауының арқасында туған.

Поэзия – қазақ халқының тыныс тіршілігі. Ықылым замандардан жоғалмай, ұрпақтан – ұрпаққа аманатталған асылдың сынығы, көненің көздерінің бірі. Біз мақтан ететін, ұлттық тәрбие- тағылымыздың дінгегі. Осы мұрамызды қайта жаңғыртып, әлемдік деңгейге шығарудың бірден - бір жолы – аударма. Поэтикалық аударманың ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ халқының Мұқағалидай ақиық ақындарымыздың өлеңдерін ағылшын тілдеріне аударып, өзге ұлтқа сусындауға үлесімізді қосқанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бархударов Л. С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). - М.: "Международ. отношения", 1975.
2. Анализ переводов отдельных стихотворений Анны Ахматовой [Электронды ресурс]. URL: <https://studbooks.net/836732/literatura/zaklyuchenie> (пайдаланылған күні: 20.02.2022).
3. Қазақ поэзиясының көркемдік жүйесіндегі символдың атқаратын қызметін саралауда жекелеген ақындар шығармаларындағы символдың өзіндік ерекшеліктерін зерделеу [Электронды ресурс]. URL: <https://stud.kz/referat/show/92316> (пайдаланылған күні: 20.02.2022).

Сетевое издание
Электронный научный журнал «Central Asian Scientific Journal»

Редактор: **Байдильдинов Т.Ж.**
Комп.верстка: **Хусаинов Е.М.**

Электронный научный журнал «Central Asian Scientific Journal»
-2022-3(7)-Нур-Султан, Казахстан
Зарегистрировано и выдано свидетельство
Министерством Информации и Общественного Развития РК
№ KZ91VPY00039228 от 25.08.2021г

*За достоверность публикуемой информации, цитат и иных
изложений ответственность несет автор*



